

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті



«Жаһандану бағытындағы ұлттық ономастика»  
республикалық ғылыми-практикалық  
конференция

**ЖИНАҒЫ**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті

**«ЖАҢАНДАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ ОНОМАСТИКА»**

респубикалық ғылыми-практикалық конференциясының  
баяндамалары мен материалдарының

**ЖИНАГЫ**

*Картаңдаға отті.*

Астана қаласы, 2014 жыл

## МАЗМҰНЫ:

Эзілханов М. <i>Кіріспе сөз</i> .....	4
Әбішев Ж. <i>Құттықтау сөз</i> .....	7
Ергалиев Ж. Ұлы дағының жарасымы екенін ұмыттайық!	11
Қыдырәлі Д. <i>Түркістанда ономастиканы зерттеу мәселелері</i> .....	19
Уәлиұлы Н. <i>Ономастикалық атаулардагы тарихи-мәдени кодтарды ашудың лингвокогнитивтік негіздері</i> .....	21
Әбжанов Х. <i>Көше және тарихи сана</i> .....	29
Камзабекұлы Д. Алаш мұраты және ономастика .....	32
Рысберген Қ. <i>Қазақстан ономастикалық атауларының жаңандану үдерісіне қатысты мәселелері</i> .....	40
Әбдуәлиұлы Б. <i>Байыргы топонимикалық қор және қазіреі қазақ ономастикасын дамытудың мәселелері</i> .....	49
Тілешов Е. <i>Тазым – тұлғаларға, құрмет – тарихқа, әділдік – баршага</i> .....	55
Жартыбаев А. <i>Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ономастикасы</i> .....	62
Ағабекова Ж. <i>Қазақ ономастикасының жаңа қабаттары</i> .....	72
Сапаров Қ. « <i>Қазақстан ономастикасы – ұлттық тіл айнасы</i> » .....	78
Құламанова З. <i>Ұлттық ономастиканың танымдық мәні мен ұрпақты тарбиеудегі рөлі</i> .....	84
Оспанов К. <i>Ономастикалық жұмысты жаңандыру жолдары</i> .....	89
Қалқаман Ж. <i>Ұлт ономастикасы нарық үрдісінде</i> .....	94
Каймұлдинова К. <i>Географиялық топонимиканың зерттеу проблемалары</i> ..102	
Біжкенова А, Сабитова Л. <i>Қазақ тіліндегі жалқы есімдердің лингвосемантикалық ерекшеліктері</i> .....	113
Жақсығалиев Ж. « <i>Орал һәм Уральск: орыс отаршилдары таңған атау тұра бере мे?..</i> ».....	122
Құламанова З., Бектанова А. <i>Томонимдердің этимологиялық бағытта зерттеу мәселелері</i> .....	134
Байшенова К. <i>Тіліміздегі космонимдердің семантикасы</i> .....	140
Құламанова З., Иманәлі С. <i>Жамбыл облысындағы гидронимдердің семантикасы</i> .....	146

Жинақтың жауапты редакторы: С. Сәлемов  
Шығаруға жауапты: Е. Төреканова

«Жаңандану бағытындағы ұлттық ономастика» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалары мен материалдарының жинағы.

Астана, 2014ж. – 150 бет.

Бұл жинаққа ономастиканың бүтінгі жай-қүйі жөніндегі ономастикалық, өңірлік ізденуші, өкілетті мамандардың баяндамалары енгізілді. Ономастикалық жұмыс – құндылыктарымызды тануға ھәм танытуға бағытталған, ұлттық, мемлекеттік мұрраттарды ұлтықтауға, өнеге етуге, насиҳаттауға арналғатын әрі іргелі, әрі өміршен жұмыс.

Ономастика ғылымы келешекте қалай дамиды, оның перспективалары қандай болмак, аталған саланы жаңандыру мен қазіргі қазақ ономастикасын дамытудың жолдары және т.б. мәселелер конференция барысында зерделенді.

Жинақ мемлекеттік қызметшілерге, оқытушыларға, студенттерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.

**Жақып ҚАЛҚАМАН,**  
Ахмет Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университетінің профессоры

## ҰЛТ ОНОМАСТИКАСЫ НАРЫҚ ҮРДІСІНДЕ

Ономастика мәселелері бүгінде тәуелсіз мемлекетіміздің еңсесі көтеріліп, Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясында әлемдегі алдыңғы қатардағы көмегенде 30 елдің ішінен көріну керектігін белгілеп, айтып жатқанда – бұл мәселе тек лингвистикалық мәселе емес, бірінші кезекте аса зор саяси, рухани маңызы бар проблема. Осылай өркениетті елдер көшіне бет бұрган шақта, елді-мекен, жер-су атаулары өз-өзімізді өзгерлеңде таныстырудың небір өзекті айқындағыш болып табылады.

Бұл заман – бәсеке заманы. Олай болса, ономастика ұлт құндылығының, ұлт қасиетін қадірлеп, жадымызда сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп тұру, байыту, көбейту сөйтіп Қазақ елі «Мәңгі ел» болуға орны толmas үлес қосу болып табылады.

Тіл қандай көне қоғамдық санаға жатса, ата-мекен, жер-су атаулары да сондай есте жоқ ескі замандар қатпарында жатқан, мәңгілікке сақталған тарихи сана.

Қазіргі кезеңде қоғамдық пікірде тарихи сана мәселесіне үлкен мән беріліп отырғаны заңды. Әсірсесе, бүтінде ел етек-жөнін жинап, егеменді еліміздің іргетасы қаланып, дамыған елдер қатарына батыл қадаммен бара жатқанда өз ұлтының өткен тарихына үңіліп, зерделеп, зейін қойып, ұқыптылықпен білуге үмтүлу да – құптарлық іс.

Қазақстан елін дүние жүзі табиғат байлығы мол елдер қатарына жатқызады. Ол дұрыс па? Дұрыс. Ал жерді, жер астындағы байлықты ғасырлар бойы қорғап келген сол жер үстіндегі байлықты – қазақ халқын, оның тарихын, кімдер біліп, қалай қабылдан жатыр?

Біз өз тарихымызды өзгерлер тұрмак өзімізге толық таныта алмай келеміз. Өзінің туған жерінің, өсken өлкесінің, ер жеткен

елінің тарихын білмеген, бағаламаған адам Отанының адап ұлы бола аласа екен?!

Байлықтың байлығы – ол ұлттың биік рухы. Елдің өзін-өзі сыйлауы – өзінің ұлтын ер сезіні. Осы тұрғыдан қозғау салып, пікір тартар толғағы жеткен мәселенің бірі – халқымыздың кіндік қаны тамған ата-мекен, жер атаулары жайында. Себебі, географиялық жер атаулары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып тұрақтанған «Жер тарихы – ел тарихы» деп танылған тарихи сананың бір көрінісіне жатады. Халқымыздың біртуар перзенті Ш.Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бар саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп жер-су атауларын елдің болмысы, салт-дәстүрі, тілі, діні екенін, ешқашан жөн-жосықсыз, ойсыз-мәнсіз кездейсоқ қойыла салмаған» десе, ұлттымыздың ұлы жазушысы М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әмандада сол ортандың сыр-сипатына қарай қоя білген жүрт. Қайда, қандай бір өлкелерге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлак атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деуі әбден орынды. Ал, орыстың қорнекі жазушысы К.Г. Паустовский «Жер атаулары дегеніміз – халықтың өз елін ақындық тілмен бедерлеуі. Бұлар – халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой-аңсары мен тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» деген екен.

Олай болса тарихи сана үзілген жерде рухани тіршілік те үзіледі дегені емес пе? Осыны үнемі есте ұстайық. Жер атаулары, ел атаулары кездейсоқ нәрселер емес, олардың да өмірге келер өзіндік обьективтік заңдылықтары бар. Қандай мемлекетте болмасын, қандай ұлтта болмасын елді-мекен, жер-су атаулары кездейсоқ мағынасыз аталуы мүмкін емес, олар себепсіз өмірге келмейді, екі шартты алға салып келеді. Олар – **себептілік** пен **тұрақтылық** және бұл атаулар негізінде әр кез географиялық сипаттамаға немесе тарихи уақиғалармен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, Қаражар, Шиелі, Сұлуагаш, Қызыбель, Бестөбе, Қамыстықөл, Тайсойған, Найзакескен, Қалмаққырған, т.с. және олардың ғасырлар бойы өзгермей тұрақты аталуы.

Жақында Қостанай қаласының іргесіндегі Тобыл өзенің жағасындағы «Инспектор көлін» біреулер жеке меншігіне алған. Ол көлдің атауы Ұлы Ұстаз, ағартушы Ұбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. Ұ. Алтынсарин кесенесі мемлекеттік

денгейдегі қандай құнды тарихи орын болып саналса, осы көл де сондай денгейдегі орын емес пе? Ал бүгінде ол көл аты «Безымянное» деп өзгертілгенін ел болып түсінбей отырмыз. Біріншіден, бұл мемлекет қорғауында болуға тиіс тарихи орынды сатуға кім рұқсат берген? Екіншіден, қандай мекеме, қашан, не себепті атауы бар көлді «Атаусыз» (Безымянное) деп жариялаған? Тіпті Ы. Алтынсарин зиратына бара жатқан жолда көл жиегіне «Безымянное» деп жазып та қойған.

Жер, су нысандарын сатып алу, жалға алу – нарық қоғамының айнымас заңы. Ал жер бола ма, көл бола ма оларды жеке меншікке бергенде ешқашанда оның ежелгі тарихи атауын өзгертуе тарихымыздың айнымас заңы. Себебі, ол халқымыздың тарихы, біздерден бұрынғы жүздеген, мындаған жылдар бұрын тарихи оқиғалардың, табиғи көріністердің негізінде өмірге келіп, ұлттық санамыздың сақталған, ақындарымыз жырлаған, жүректерімізде жатталған.

Сорақсыы сол, облысымызда шығатын «Учительский плюс» [2013 ж. №34, 20 қыркүйек, 8 бет.] газетінде былай деп жазылған: «Долгое время озеро называлось Безымянным и сейчас речь идет о возрождении названия Инспекторское, закрепившегося в народе, когда здесь жил Ы.Алтынсарин – инспектор казахских школ в Тургайской области». Осындай ұят нәрселерге неге өзіміз жол береміз? Әлде бұл заманда сатылмаған нәрсе қалмағаны ма? Осы жағдайды дұрыстау керек. Қажет болса «Жер», «Табиғатты қорғау», «Ономастика», «Тіл туралы» занбарға шұғыл өзгерістер енгізу керек шығар.

Жердің атауымен сол жерде тұрған елдің атауы сәйкес келе бере ме? Келмese сәйкестендіру қажет пе? Бүгінде нарық заманында ауылдағы қожалықтың аты жер атымен, ел атымен атап жатса категігі жоқ, ал сол қожалықтың атымен тарихи жер аты, ел аты өзгеріп жатса – бұл дұрыс емес.

Ғылыми әдебиеттерде халықтық, отаршылдық, әміршілдік негізінде пайда болған атаулар жіктеліп, нақты ұғымдар ретінде қалыптасу үстінде.

Халықтық атаулар деп негізінен қай жер, қай халықты алып қарасақ та онда қолданылатын географиялық жер атауларын сол жерді мәңгілік жайлап келген халықтың атап қалыптастырыған елді-мекен, жер-су атауларын ұғынамыз. Мысалы, облысымыздың Карабалық ауданын алайық. Онда бүгінгі ресми атаулардың орнында тарихи атаулар халық жадында сақталған. Атап айтсак

Гурьяновка – Арық, Веселый Кут – Алдияр, Ельшанка – Шолан, Котлованный – Енбек, Белоглинка – Мыңбай, Научный – Қыпшақ жері, Святославка – Еркіншілік, Дальний – Сұлікті, Подгородка – Сомжүрек, Новотроицк – Шаған, Борисовка – Ақтасты, Огнеупорный – Иманбай, Победа – Бірлік, Лесной – Қызыл шырпы, Славянский – Қарагайлы, Рыбкино – Жадыра. Ал енді бұл атауларды не істейміз? Бірден бәрін өзгертеміз бе немесе біртіндең пе? Әлде солай қала ма? Бұл сұрақтарды қойып отырған себебім – заңымызда елді-мекендердің атауларын өзгертуенде дауысқа салу керектігі айтылған. Жаңа ауылға атау беріліп жатса дұрыс, ал ықылым заманнан келе жатқан жердің де, елдің де тарихи атауларын қайтаруда дауысқа салу – дауга салу дер едім.

Біздер бірінші кезекте кезінде саясаттандырылған, идеологияландырылған атаулардан арылып, тарихи атауларды қайтарып және ол атаулардың дұрыс жазылуын бірізділендіру (Жарқөл – Джаркуль, Жамбыл – Джамбул, Дәмді – Дамдинский, Қаратал – Каратальский т.с.с. демей).

Материалдық тенденциян рухани бостандық жоғары, сондықтан қоғамда ұлттық құндылықтардың үстем болуы, тарихымызды «кеңес кеңістігінен», «отаршылдық» сатысынан өткізу осы біздер көніл бөліп отырған тақырыбымыз – елді-мекен, жер-су атауларын өзгерту жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге үлкен ықпал ететінің сөзсіз.

Егеменді ел болғаннан бері бұл саладағы біздің міндет жер-су атауларын өзгерту емес, кезінде еш негіzsіz, заңсыз өзгертилген тарихи атауларды қайтару, мүмкіндігінше қалпына келтіру.

Ал енді кейбіреулерде «Осы неге қажет?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, елді-мекен, жер-су атаулары тегіннен тегін атап майды, олар ұлттымыздың, еліміздің тарихымен тығыз байланысты. Екіншіден, әр атауда міндетті түрде мағына бар, сол мағыналы сөздерді атауды анық айқындауымыз керек. Үшіншіден, Отанымыздығы елді мекендер, жер-сулардың атауларының дұрыс жазылуы, дұрыс айтылуы еліміздің, ұлттымыздың сауаттылығы мен мәдениеттілігі деңгейінің көрсеткіші емес пе? Төртіншіден, отансүйгіштік сана мен сезімді тәрбиелеуде орны толмас өзіндік үлесі бар екендігі анық. Егер, бүгінгідей көптеген жер-су атаулары осылай қала берсе, яғни басым көшпілігі өзге тілде атап жүрсе ертеңгі үрпаққа қалай біз, бұл ата-бабаларының жері деп айта аламыз?